

*Әңгекі
Әиш
ханшайым*



Марияға арналады

Он бесінші ғасырдың
киімдері мен би
дәстүрлерін білгені үшін
Нен Хилбертке ерекше
алғыс



УДК 821(100-87)
ББК 84 (англ-каз)-44
О-59

О-59 Он екі биші ханшайым. *Ертегі*. – Астана: «Фолиант» баспасы, 2014. – 32 бет.

ISBN 978-601-292-907-2

Кенепте көркем суреттермен тамаша безендірілген бұл кітапта түні бойы тыным таппай жасырын би билеген он екі ханшайым және олардың құпиясының қалай ашылғаны туралы әңгімеленеді.

«Он екі биші ханшайым» ертегісінің мәтіні Ағайынды Гримдер шығармалар жинағынан алынған.

The Twelve Dancing Princesses: Copyright © Ruth Sanderson 1990, 2012

New illustrations copyright © Ruth Sanderson 2012

Originally published in the USA by Crocodile Books, an imprint of Interlink Publishing Group, Inc.

Кітапты шығару Interlink Publishing Group компаниясының лицензиялық келісімі бойынша жүзеге асырылды.

Бұл жұмыс авторлық құқықпен қорғалған. Аударманы, кітапты немесе оның бөлігін қайта жариялауды және көшірме жасауды қоса алғанда, барлық құқықтары қорғалған. Осы кітаптың қандай да бір бөлігін авторлық құқық иелерінің ресми рұқсатынсыз кез келген формада немесе қандай да бір электронды және механикалық, фотокөшірме, жазбаша немесе магнитті тасығышқа жазуды қоса алғанда, басқа да жолдармен шығаруға тыйым салынады.

*Суреттер майлы бояумен кенепте орындалған.
Каллиграфиясын орындаған Мери Тайхман.*

ISBN 978-601-292-907-2

УДК 821(100-87)
ББК 84 (англ-каз)-44

© Басылым қазақ тілінде, қазақ тіліне аударылған
© «Фолиант» баспасы, Астана, 2014
© «Интера Групп» агенттігі, ағыл. тілінен ауд., 2014

Редакторы Ф. Уәлиева
Корректоры В. Ғайнуллина
Компьютерде беттеген Э. Заманбек

Басуға 12.06.14 қол қойылды. Пішімі 60x90¹/₈.
Қағазы борлы. Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 4,0.
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №127.

«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13



Әңгекі Әіші ханшайым

Баяндауы мен суреттемелері
Руф Сандерсондікі

FOLIANT
БАСПАСЫ

Астана-2014





атшаның бірінен-бірі өткен сұлу он екі қызы болыпты. Олар он екі кереуеті бар бір үлкен бөлмеде ұйықтайды екен. Әпкелі-сіңлілі қыздар түнде ұйықтауға кірген кезде бөлменің есігі үш құлыппен бекітілетін болса керек. Алайда күн сайын таңертең олардың аяқкиімдері түні бойы билегендей мыжылып қала береді. Патша олардың түнде не істегендерін сұраған кезде, олар әрдайым: «Ұйықтадық», – деп жауап береді екен. Бірақ аяқкиімдер өзінен-өзі тапталып қалмайды ғой!?

Ақыры патша өзінің билігіндегі бүкіл елге, егер қандай да бір бозбала қыздарының мыжылған аяқкиімдерінің құпиясын ашып бере алса, оның осы ханшайымдардың бірін таңдауына болатынын айтып жар салады.

Көп кешікпей басқа бір патшаның ұлы өзінің бағын сынап көрмек болады. Оны сарайға шақырып, кешке ханшайымдардың ұйықтайтын бөлмесінің жанындағы кішкентай бөлмеге апарады. Жігіт барлығын естіп жатуы үшін екі бөлменің арасындағы есікті ашыңқырап қояды. Алайда таңертең құпия ашылмаған күйі қалады. Он екі жұп аяқкиім тағы да мыжылып қалған, ал ханзаданың өзі ғайып болыпты. Осынау жұмбақты шешпекші болған көптеген ханзадалар да алғашқысының кебін киеді.



Осы кезде қара халықтан шыққан Майкл атты бір жас жиһанкез бақыт іздеу жолында елдерді саяхаттап жүр екен. Бір күні аптап тал түсте ол ағаштың көлеңкесінде жатып ұйықтап кетеді. Көзін ашқанда, жол бойында өзінен көз алмай қарап тұрған егде әйелді көреді.

— Балам, қайда бара жатырсың? — деп сұрайды әйел.

— Мен осы жерден жұмыс іздеп жүрген жанмын, — деп жауап береді Майкл. — Ханшайымдардың мыжылған аяқкиімдерінің құпиясы туралы естідім және олардың сол құпиясын ашқым келеді. Кім біледі, мүмкін, солардың біреуіне үйленіп те қалармын.

— Түсінікті, — дейді әйел. — Сарайда бағбанға көмекші керек деп естіген едім. Ханшайымдардың құпиясына келетін болсақ, егер сен асықпасаң және ақылға салып ойлансаң, сенің жұлдызың жанып, басқалардан озуың әбден мүмкін.

Содан кейін ол сөмкесіндегі киімді оған беріп тұрып: «Бұл киімнің сені көзге көрінбейтін адамға айналдыратын қасиеті бар. Ханшайымдар қай жерге барса да, сен көрінбей олардың артынан жүре аласың», — дейді. Майкл жолы болғанына қуанып кетеді. Әйелге алғысын айтып, бірден сарайға аттанады.

Онда барған соң ол тікелей бағбанға жолығады. Бағбанға расымен де көмекші керек екен, ол Майклді жұмысқа алуға келіседі.







Майклге жүктелген бірінші міндет – ханшайымдар таңертең бөлмеден шыққанда олардың әрқайсысына гүл шоқтарын сыйлау болады. Әпкелі-сіңлілердің барлығы да, ең кенжесі Линадан басқасы, жігітке мүлдем көз салмастан гүл шоқтарын алады. Ол оған таңдана қарап: «О, біздің жаңа гүл өсіруші қандай жақсы!» – деп жарқын дауыспен айқайлап жібереді.